

DOI 10.53364/24138614_2022_25_2_95
ӘОЖ 8.1751

¹Суранчиева Н.Р., ²Елубай А.М., ³Тулекова Г.Х.
Азаматтық авиация академиясы, Алматы қ., ҚР

¹E-mail: nazgul_87@bk.ru

²E-mail: smailova_aseem@mail.ru

³E-mail: gulnaz.tulekova@mail.ru

АВИАЦИЯ САЛАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ОРНЫ

МЕСТО КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА В АВИАЦИОННОЙ ОТРАСЛИ

THE PLACE OF THE KAZAKH LANGUAGE IN THE FIELD OF AVIATION

Аннотация. Қазақ тілінің тарихтан бүгінге жалғасқан Қазіргі қазақ тілінің ахуалы. Қазақ тілінің тарихына тоқтала отырып, бүгінгі жағдайын саралау. Мемлекеттік тіл дамуындағы өсекті мәселелерді дәлелді талдау.

Түйін сөздер: тілдік құқық, авиация, білім бағдарламасы, ұлттық құндылық, тіл тағдыры.

Аннотация. Состояние современного казахского языка, продолжающегося с истории на сегодняшний день. Анализ современного состояния, переходя к истории казахского языка. Аргументированный анализ спорных вопросов развития государственного языка.

Ключевые слова: языковое право, авиация, образовательная программа, национальная ценность, судьба языка.

Annotation. The state of the modern Kazakh language, continuing from history to the present day. Analysis of the current state, moving on to the history of the Kazakh language. Reasoned analysis of controversial issues in the development of the state language.

Keywords: language law, aviation, educational program, national value, the fate of the language.

Дүниедегі әрбір ұлт үшін ең үлкен байлық - оның ана тілі, мәдениеті және ұрпақ үшін мұрасы. Әр халық оны мыңжылдықтар бойы салып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып келеді. Адам тамақсыз, сусыз өмір сүре алмайды. Сондай-ақ, тіл де қарым-қатынас адам үшін өте маңызды. Осыған орай әлемде көптеген түрлі тілдер бар.

Әр халықтың ана тілі - бұл осы ұлт пен оның әр халқы мақтан тұтатын нәрсе. Біз мақтан тұтатын біздің ана тіліміз - қазақ тілі. Бұл тілдің тарихы көшпенділік кезеңінен басталады. Бұл тілдің тәуелсіздігі үшін көптеген соғыстар болды және біздің ата-бабаларымыздың арқасында біз қазір қазақ тілінде сөйлейміз.

Тіл тағдыры ел тағдырымен біртұтас болғандықтан, тілдің мәңгі жасауы халықтың ұлттық құндылықтарын жоғарғы дәрежеде дәріптеуімен сипатталады. Дербес еліміздің тарих тамыры тереңге бойлаған, қасиет оты еш сөнбес ұлттық тілі әр қазақ патриотының жүрегінде сөйлеп тұр.

Адамзат баласы дүние есігін ашқаннан бері қоршаған ортаға әсер ету үшін қоғам мен табиғаттың даму заңдылықтарын зер сала зерттеп, тынымсыз тану үстінде. Ол туралы ілім-білім жүйесі – ғылым қалыптасты. Алайда, «ана тілі» ұғымын өз сөзімен өрнектемеген тіл болмаса керек. Қазақ тілі – ғасырлар бойы орыстандыру әрекетінің тауқыметін тартқан, кеңестік тіл саясаты зілінен азат болып, дамудың «Ұлы жібек жолына» түскен әлем

тілдерінің көш керуеніне өзінің ана тілі мен мемлекеттік тілін қосып, айқын болашаққа нық қадам басқан тәуелсіз Қазақстанның бірден-бір тілі [1].

Тіл – халықтың басты қарым-қатынас құралы. «Балық тілсіз болса да, халық тілсіз болмайды» деген Қадыр Мырза атамыздың нақылындағыдай, тілсіз халық түгіл жеке тұлға өмірін елестету қиын. Толыққанды адам ретінде өмір сүрудің негізгі кілті – қоршаған ортамен байланыс болса, бұл байланысты қамтамасыз ететін басты элемент – тіл [3].

Жалпы, Жер жүзінде 6000-нан астам тіл болса, оның ішінде қолданыстағы мемлекеттік статусы бар тілдер және жойылу алдында тұрған сонымен қатар атауларын тек тарихтың көне ақпараттарынан көз шалып қалатын, бүгінде жер бетінде жоқ тілдер де бар. Сонымен қатар, «мемлекеттік тіл» мәртебесіне ие болғанымен, статусына сәйкес құрметке ие бола алмай келе жатқан тілдер де бар. Тіл тағдыры ел тағдырымен біртұтас болғандықтан, тілдің мәңгі жасауы халықтың ұлттық құндылықтарын жоғарғы дәрежеде дәріптеуімен сипатталады. Дербес еліміздің тарих тамыры тереңге бойлаған, қасиет оты еш сөнбес ұлттық тілі әр қазақ патриотының жүрегінде сөйлеп тұр.

Қасиетті тіліміздің жоспарлы саяси даму, халқымыздың тілдік құқығын қорғау бастамасы, көркем әдебиет пен ісқағаз тілін қалыптастыру жұмыстары Әлихан Бөкейханов пен Ахмет Байтұрсынов сынды зиялыларымыздың ерен еңбегінен бастау алған. Заман қысымына орай, ұлт болашағы бұлыңғыр тартқан шақта, ұлттық тіліміздің тағдырын шешуде зиялыларымыз ұсынған жол айрықша болды [2]. Сол себептен, тіліміздің бүгіні мен болшағын бағамдау үшін осы жолды сабақ ала жалғастыруымыз қажет. Тіл мәселесіне байланысты зиялыларымызды ұлықтауға себеп қандай?

Тарихтан белгілі, еліміз 250 жылдан астам уақыт Ресей державасының бодандығында болды. Жалпы бодан елдің жай-күйі ежелден белгілі. Тәуелсіздігінен айырылып, тағдыры көлеңкеленген халық жасқаншақ келеді. Осындай қиын шақта, тілдік құқықтың қорғалуын өзекті мәселе етіп көтеріп, ірі державаға талап қоя білген арыстарымыздың әрекеті, бүгінгі тіл тағдырының бастамасы деуге болады. Бұл тұста, 1905 жылғы қарашада Ресейде өткен «Жергілікті және қалалық қайраткерлердің» Москвадағы съезінде: «Ана тілін еркін қолдану қазақтардың таяу арадағы мұқтажы» деп мәлімдеді. Сонымен қатар, тілдер құқығын шектейтін заңдардың жедел түрде қайта қаралуын табанды түрде талап етті. Осы бастаманың жалғасы ретінде, Қарқаралы уезіндегі қазақтардың 11 тармақтан тұратын құзырхатын ұйымдастырып, оны орыс тілінде шығатын «Сын отечества» газетінің 1905 жылғы 4 қыркүйектегі 173-санында өз атынан жариялаған. Бұл тармақтың 2,3,7,8-тармақтарында қазақ тілінің мәселелері көтерілді [4].

Әлиханьң бұл мәселені өзекті етіп көтермесіне болмас еді, себебі, қазақ халқының орыс тілін меңгеру дәрежесіне қарамастан, қызмет көрсетудің барлық тармақтары орыс тілінде жүргізілді. Тіпті балалар мектепте қазақ тілінде білім алмайтын жайттар орын алды. Құзырхатта кеңселердегі іс-қағаздарды да қазақ тілінде жүгізу талабы қойылған. Сайып келгенде, мұның барлығының отарлау саясаты екеніне көз жеткіземіз, бұл тұрғыда Әлихан Бөкейханов: «Орыстандыру саясаты қазақтардың ана тілінде хат тануын тежеудің барлық амал-тәсілдерін қарастыруды талап етті» деп жазды.

Өткен ғасырдағы тіл тағдырының қиындығын бодандықпен түсіндіруге тырыстық. Ал бүгінде егемен ел Қазақстан ретіндегі тәуелсіздік жағдайындағы мемлекеттік тілдің хал-ахуалы қандай?

Ұлттық тілді құрметтеу әрбір қазақ орындауға тиіс маңызды міндет. Ал Қазақстан азаматтары құрметтеуге тиіс ұлттық тіл- қазақ тілі. Тіліміз «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі» статусын 1989 жылы 22 қыркүйекте иеленді сонымен қатар осы жылы «Қазақстан Республикасының тілдер туралы» заңы қабылданды. 1995 жыл 30 тамыздағы референдумда қабылданған жаңа конституцияның 7-бабында ұлттық тілімізге байланысты «Мемлекет Қазақстан халқының тілдерін үйрену мен дамыту үшін жағдай туғызуға қамқорлық жасайтыны» және «Мемлекеттік ұйымдарда және өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады» делінген. Еліміздің барша

азаматтарына мемлекеттік тілді еркін және тегін меңгеруіне материалдық, ұйымдастырушылық жағдайлар жасалған [4]. Халықты топтастырудың маңызды факторы – мемлекеттік тіл. Осы ұранды басты назарға ала отырып, Мемлекеттік тілді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес, қазақ тілін меңгерген тұрғындар үлесі 2017 жылға қарай-80%, ал 2020 жылы – 90 % ға жеткізу жоспарланған. Алайда, 2016 жылғы баспасөз беттерінде берілген диаграммаға жүгінсек, еліміз 2017 жылы жетуі керек деп межелеген шамаға екі жыл ерте жетіп қойған екенбіз, яғни, 2015 жылы – 80 %-ды бағындырған.

Бұл қарқынмен жалғасса, биылғы жыл тіптен түгелдей Республика қазақша сайрап тұр деген сөз емес пе?! Ал 2025 жылы мемлекеттік тілді меңгерген тұрғындар 95 %-ды құрайды деп күтілуде, бұл болжам да межесінен ерте орындалса, тіл саясатын жүргізушілерге үлкен жетістік болар еді.

Бір өкініштісі, бұл диаграммадағы сандар адамды бір марқайтып тастағанымен, көз көріп құлақ еститін қоғам сипаты мүлде бөлек. Сиқырлы цифрлардың жылтырауы шын болса, біздің елде мемлекеттік тілге байланысты ешқандай мәселе жоқ деп аяқты аспанға көтеріп жата берсек те болатындай, дегенмен, шынайы өмір келбеті бұған жол бермейді. Қоғаммен біте қайнасып өмір сүретін кез келген толыққанды адам қазақ тілінің жоғары сұраныста еместігіне көп қарсылық білдіріп жатпайды. Тек тіл саласында қызмет ететін адамдар легі ғана мемлекеттік тіл мәртебесінің жоғарылауын айтып мақтануда, сол мақтану тек қағаз бен сиқырлы цифралар түрінде қалып қоймаса болғаны. Бұл мәселе ұлт құндылығына тікелей байланысты.

Ал ұлттық тілдің құндылығын жоғалту ел келешегі үшін үлкен кесел. Кесел демекші, елімізде ұлттық тілдің мәселесі сан жылдар бойы кезек күттірмейтін, кеселі көп мәселе болып келеді. Кезек күттірмейтін дейтін себебіміз, бүгінде, қазақ тілінің хал-ахуалы бірқалыпты жағдайда емес. Мемлекеттік статусы болғанымен, көп жағдайда қолданылу аясының тарылып бара жатқаны да байқалады. Қоғамда ана тілім- қазақ тілі деп айта алғанымен, ана тілінде сөйлеуге шорқақ немесе тіпті де сөйлеу білмейтін қазақ азаматтары бар. Қазақ тілінің адамдар арасында тар қолданысқа ие екенін рас. Еліміздің басым тұрғындары қазақ тілінің қолданысына кері әрекеттер жасауда, сондағы ана тілден безіп, тілге тиек ететіндері орыс тілі. Біршама алпауыт компаниялар мен мекемелерге жұмысқа алу кезінде алдымен орыс және ағылшын тілдерін білуі талап етіледі. Мемлекеттік қызмет аясында да қойылатын басты талап осылар.

«Сөзі жоғалған жұрттың, өзі де жоғалады» - деген халқымыздың ұлы ағартушысы Ахмет Байтұрсынұлы [2].

Жер бетіндегі кез келген халықтың мәңгілік болып қалуы - ұлттық тілінің сақталып қалуы болып табылады.

Осыдан тура 33 жыл бұрын, яғни 22 қыркүйек 1989 жылы қазақ тілі мемлекеттік мәртебеге ие болып «Тіл туралы» заң қабылданды. Кейін егемендік алған соң 1995 жылғы Ата заңымыздың 7 бабына сай «Қазақ тілі - мемлекеттік тіл» болып айқындалды.

Әрі қарай - 1997 жылы «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» заң қабылданып, республика аумағындағы тілдердің қолдануының құқықтық негіздері, барлық тілдерге бірдей құрметпен қарау қамтамасыз етіліп, мемлекеттік қазақ тіліміздің мәртебесі белгіленген болатын.

Дегенмен, осы күні егемендігімізге 30 жыл болсада, қазақ тілі Кеңес заманынан қалыптасып қалған орыс тілінің көлеңкесінде дамып келе жатқаны «ащы» шындық. Жасыратыны жоқ, тіліміз өз елінде, өз жерінде «аса қажеттілікке» айналмай, атына заты сай болмай, мәртебесі мемлекеттік болғанымен қоғамның барлық саласында толыққанды қолданылмай келе жатырған мемлекеттік тіл болып отырғаны ақиқат.

Қазақ тілі - дүниедегі ең шұрайлы, кестелі тілдің бірі деп жатамыз. Ия, Қазақ тілі - өте бай тіл! Қазақ тілінде жазылған тамаша шығармалар қанша, жылытатын, жұбататын жырлар қаншама [5]. Қазақ халқының бойына сіңген ата - бабаларымыздың тәлім - тәрбиесі, үлгі -

өнегесі, біздің тұлға болып қалыптасуымызға себепкер болғаны, үлкен үлес қосқаны байқалатыны анық. Осындай гауһар тілімізді өз дәрежесінде пайдалана алмауымызға кезіндегі кеңес өкіметінің солақай саясаты әсер етсе, ал дәл қазіргі күні қоғамның барлық саласында қазақ тілінің мәртебесі жоғары болуы қажет деп санаймын.

Осы орайда, ел президенті өзінің алғашқы Жолдауында «Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлтаралық қатынас тіліне айналатын кезеңі келеді деп есептеймін. Бірақ мұндай дәрежеге жету үшін бәріміз даңғаза жасамай, жұмыла жұмыс жүргізуіміз керек» деген [6].

Иә, өте дұрыс. Егемен елімізде өмір сүретін барлық ұлттарға мемлекеттік тілді меңгеруге толықтай жағдай жасалған.

Сонымен қатар, демографиялық тұрғыдан қазақ ұлты ең жоғарғы пайызды құрайтындықтан, қазақ тілінің ұлтаралық қатынас тіліне айналатын кезеңі нақты келді деп есептеймін.

Жалпы кез келген елде тілдік ахуал өзгерген жағдайда тіл саясаты да жаңа талаптармен толығып отыратыны ақиқат. Және де барлық елдерде мемлекеттік тілді білу заң арқылы міндеттелген. Ал, біздің жоғарыда аталған «Тіл туралы» заңымызда «Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру - Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы» деп көрсетілген. Яғни, мемлекеттік тілді меңгеру тек «парыз» ғана. Менің ойымша, Президент Жолдауындағы қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлін күшейту үшін «Тіл туралы» заңға өзгерістер енгізіп, мемлекеттік тілге қатысты жауапкершілік белгіленуі керек. Әлемде жеті түркі мемлекеті бар десек, соның алтауы өз тілінде ел басқарып, бір-бірімен қарым-қатынасты тек өз тілінде жасауда [6].

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлтаралық қатынас тіліне айналатын кезеңі келеді деп есептеймін» - деп, алдағы уақытта қазақ тілінің мәртебесі артатыны туралы жариялады.

2019 жылы Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы мәресіне жетті.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен Қазақстан Республикасында тіл саясатын іске асырудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы бекітілді.

Бағдарламаның мақсаты: қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі толыққанды қызметін қамтамасыз ете отырып, латын графикалы әліпби негізінде қазақ тілін жаңғыртуға, тіл мәдениетін одан әрі арттыруға және тілдік капиталды дамытуға бағытталған үйлесімді тіл саясатын жүргізу болып табылады.

Мемлекет әрбір азаматын қазақ тіліне оқытуға мүдделі. Бұл үшін қомақты қаражат бөлінуде. Қазіргі уақытта республиканың барлық өңірлерінде 99 мемлекеттік қазақ тілін оқыту курстарының орталықтары жұмыс істейді, онда оқыту тегін жүргізіледі. Орталықтарда мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, жұмыссыздар, зейнеткерлер, үй шаруасындағы әйелдер және ҚР-ға тұрақты тұруға көшкен азаматтар оқи алады. Курстар халықтың ересек топтарына қарастырылғанын атап өткен жөн.

Азаматтардың қазақ тілін меңгеру деңгейі ҚАЗТЕСТ жүйесі бойынша анықталады. 2013-2019 жылдары аталған жүйе бойынша 364290 адам тестілеуден өтті. 2019 жылы тестілеуге 38461 адам қатысты, оның ішінде мемлекеттік қызметшілер – 15835, мемлекеттік қызмет көрсететін ұйымдардың қызметкерлері – 18647. Қазақ тілін білу деңгейін www.kazakhtest.kz ресми сайтында тексеруге болады. Мемлекеттік бағдарламаның іс-шаралар жоспарына сәйкес ҚР-да жыл сайын мемлекеттік тілді дамыту жөніндегі іс-шаралар жүргізіліп отырады, атап айтқанда: «Мемлекеттік тіл және БАҚ», «Тіл шебері», «Тілдарын», Абай атындағы көркемсөз оқу шеберлерінің байқауы, түркі, славян жазбалары мен мәдениеті күндері және басқа да түрлі форматты іс-шаралар өткізіледі.

Мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту мақсатында құрылған қазақ тілін қашықтықтан оқытуда «Tilalemi.kz» порталы, «Atau.kz» ономастикалық базасы, «Emle.kz» орфографиялық базасы, «Termincom.kz» базасы, «Tilmedia.kz» үш тілді сайты, балаларға арналған «Balatili.kz», мемлекеттік тілді үйретуге арналған «Тіл-құрал» веб-сервисі және барлық сала құжаттарының қазақша үлгісі мен қатесіз толтыру нұсқаулығы берілген «Qijat.kz» сайттары жұмыс жасауда. Өртүрлі салалық сөздіктер мен энциклопедиялардағы сөздер мен тіркестерді, көнерген сөздер мен кірме сөздерді, жаңа сөздерді түсіндірмесімен онлайн-іздеу функциялары бар «Sozdikqor.kz» порталы құрылды.

Қазіргі таңда авиация саласында қазақ тілін меңгеруде білім алушылар оқу нәтижесінде:

- тілдік және сөйлеу тілін дұрыс таңдау мен пайдалануды жүзеге асырады;
- лексиканың, жүйенің жеткілікті көлемін білу негізінде грамматикалық білім, интенцияны білдірудің прагматикалық құралдарын біледі;
- мәтіндердің фактологиялық мазмұнын жеткізу, оларды тұжырымдау;
- тұжырымдамалық ақпарат, қорытынды білімді сипаттау (прагматикалық фокус) бүкіл мәтінді де, оның жеке құрылымдық элементтерін де қамтиды;
- мәтін ақпаратын түсіндіру, мәтін көлемінде түсіндіру;
- сертификаттау талаптары мәтіндердің стильдік және жанрлық ерекшеліктері әлеуметтік-мәдени, қоғамдық-саяси, ресми-іскерлік және кәсіби қарым-қатынас салаларын қамтиды;
- жағдайға сәйкес ақпаратты сұрау және хабарлау қарым-қатынас, қатысушылардың іс-әрекеттері мен іс-әрекеттерін бағалау, ақпарат жағдайларда сұхбаттасушыға әсер ету құралы ретінде сертификаттау талаптарына сәйкес таным және байланыс;
- жеке тұлға жағдайында сөйлеу мінез-құлық бағдарламаларын құру, тіл нормаларына сәйкес әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынас, мәдениет, байланыс саласының ерекшелігі;
- этикалық, мәдени, әлеуметтік маңызы бар мәселелерді талқылау; өз көзқарасын білдіру, оны дәлелді түрде қорғау, әңгімелесушілердің пікірін сыни бағалау;
- түрлі салалардағы әр түрлі жағдайларда коммуникацияға қатысу өз ниеттері мен қажеттіліктерін іске асыру мақсатында қарым-қатынас жасау (тұрмыстық, оқу, әлеуметтік, мәдени), олар туралы этикалық лексика-грамматикалық және прагматикалық тұрғыдан дұрыс, мағыналы түрде толық жағдайда қарастырады;
- тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени, ресми-іскерлік және мәтіндер бойынша жалпы қабылданған нормаларға сәйкес, функционалдық мақсатқа сай лексикограммалық және прагматикалық материалды қолдана отырып, сертификаттау деңгейі.

Ал, осы модульді сәтті аяқтағаннан кейінгі білім алушылар қабілетті болады:

1. кәсіби құзыретті міндеттерді шешу үшін тілдік білімді қолдануға;
2. ақпаратты қабылдау, талдау және жалпылау, мақсат қою және оған жету жолдарын таңдауға;
3. жаңа құзыреттерді қалыптастыру қажеттілігін түсінуде әрі қарай жеке және кәсіби даму бағыттарын анықтау даму, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамытуға;
4. қазақ/орыс/ шет тілдерін ғылыми зерттеу;
5. мамандық бойынша ғылыми терминологияны қолдануға;
6. ғылыми мақалаларға белсенді қатысуға және ғылыми пікірталастарға қатысуға (қазақ/ орыс/ шет тілінде) [7].

Авиация саласындағы қазақ тілі пәні әлеуметтік-гуманитарлық дүниетанымды қалыптастыру, жалпыұлттық идея контекстінде білім алушылардың дамытуды көздейтін ұлттық сананы жаңғырту және әлемдік мәдениетті қалыптастыруға бағытталған.

Қорыта келгенде, «Көкке көтерілу бір бақыт, жерге қону мың бақыт», - демекші біздің елімізді шетелмен салыстырғанда біршама ақсап тұр. Ұшаққа мінгеннен борт серіктері ілтипаттылықпен қарсы алуға міндетті, десе де бізде тіл мәселесі артқа тартады. Қанша жерден әуе компанияларының барлығы үш тілде жетік меңгерген дегенімен, ағылшын, орыс

тілін жетік меңгеруі мүмкін, бірақ көпшілігі қазақ тілін қолданбайды. Әуе компаниялары-еліміздің витринасы, пристижі, сол себепті мемлекеттік тілде қызмет көрсетуі – тілге құрмет болар еді. Қазақ тілінің қазақтың ана тілі әрі республиканың мемлекеттік тілі ретінде дамитынына кәміл сенеміз. Бірақ іс оңға бассын десек, біріншіден, қазақтың ұлттық сана-сезімі үздіксіз өсуі тиіс. Екіншіден, қазақ тілі құрып барады деп, сары уайымға салыну немесе кеңес үкіметінің келтірген зиянын айта беру, күні кеше пайдалы болғанымен бүгін тиімсіз. Оның есесіне білімділікпен жүргізілген нақты іс керек. Ең бастысы – әр қазақ кез-келген отандас өзге ұлт өкілі алдында мәдениет жағынан биік болып, өнегелі ұлт өкілі ретінде көрсете білуі тиіс. Конституцияның тілі мен стилі қазақ тілінің саяси тілі мен стилінің жарқын үлгісі болуы тиіс.

Кез келген қазақ, қазақстандық бір-бірімен тек мемлекеттік тілде сөйлесетін уақыты келді. Тәуелсіздік қазаққа не берді десек, санымыз өсті, санамыз өркендеді, рухымыз жанданды. Рухымызбен бірге тіліміздің тұғыры да биіктеуі шарт.

«Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте», - деп Қадыр Мырзалиев ағамыз айтқандай, қазіргі қоғам басқа тілді үйренуге еш шек қоймайды. Дегенмен, қазақ тілін мемлекеттік тіл дәрежесіне көтеруге әр қазақтың үлесі болса екен.

Халқымыздың «Қай тілде сөйлесең, сол тілде ойлайсың. Қай тілде ойласаң, сол тілдің жанашырысын», «Өсер ел, алдымен, тілін қадірлейді» деген сөздері есімізден шықпағаны жөн деп санаймын.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

1. Т. Қордабаев. Қазақ тіл білімінің қалыптасу, даму жолдары. Алматы: Рауан, 1987 — 175-б.
2. А.Байтұрсынов. Тіл – құрал / құрастырған Е. Тілешов. - Алматы: Сардар, 2009. - 348 б.
3. Қазақ ССР-індегі тіл саясаты мен тіл құрылысының концепциясы. Жоба // Өркен. 1989. 2-б.
4. Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Тіл туралы Заңы. – Кітапта: Ана тілім – ардағым. Алматы, 1990. 29-б.
5. Мемлекеттік органдарда мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы № 769 қаулысы. // Егемен Қазақстан. 1998. 11 қыркүйек, 14 тамыз.
6. Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың «Ана тілі» газетіне берген сұхбаты. 2006. 11 мамыр. 7-б.
7. Азаматтық Авиация Академиясының білім бағдарламасы бойынша қазақ тілінің оқыту әдістемесі https://agakaz.kz/pages/c/akademiya-grazhdanskoy-aviacii_15?

References

1. T. Qordabaev. Qazaq til biliminiń qalyptasý, damý joldpy. Almaty: Raýan, 1987 — 175-b.
2. A.Baitupsynov. Til – qupal / qurastyrgan E. Tileshov. - Almaty: Sardar, 2009. - 348 b.
3. Qazaq SSP-indegi til saiasaty men til qurylysynyń kontseptsiasy. Joba // Ópken. 1989.2-b.
4. Qazaq Sovettik Sotsialistik Respublikasynyń Til týpaly Zańy. – Kitapta: Ana tilim – ardağym. Almaty, 1990. 29-b.
5. Memlekettik opgandapda memlekettik tildiń qoldanyly aiasyn keńeitý týpaly. Qazaqstan Respublikasy Úkimetiniń 1998 jylғы № 769 qaýlysy. // Egemen Qazaqstan. 1998. 11 qyркúiek, 14 tamyz.
6. Qazaqstannyń bolashaғы – qazaq tilinde. Qazaqstan Respublikasynyń Ppezidenti N. Nazapbaevtyń «Ana tili» gazetine bepgen suhbaty. 2006. 11 mamyp. 7-b.
7. Azamattyq Aviatsiua Akademiasynyń bilim bağdaplamasy boynsha qazaq tiliniń oqytý ádistemesi https://agakaz.kz/pages/c/akademiya-grazhdanskoy-aviacii_15?